



## Парниктік газдар шығарындыларына сертификат алу үшін өтініш нысанын бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 05 желтоқсандағы № 365-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 24 желтоқсанда № 8201 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 15 мамырдағы № 124-ө бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 15.05.2013 № 124-ө бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 584 қаулысымен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар беру қағидаларының 7 және 8-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымшаға сәйкес Парниктік газдар шығарындыларына сертификат алу үшін өтініш нысаны бекітілсін.

2. Төмен көміртекті даму департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды;

3) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Н. Қаппаров*

Қазақстан

Республикасы

Қоршаған

ортаны

қорғау

министрінің

2012

жылғы

5

желтоқсандағы

№

365-ө

бұйрығына

қосымша

нысан

**Қазақстан Республикасы**

**Қоршаған ортаны қорғау министрлігі**

# Парниктік газдар шығарындыларына сертификат алу үшін ӨТІНІШ

1. Табиғатты пайдаланушының атауы	
2. Жалпы мәліметтер: 2.1. Заңды мекенжайы 2.2. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) 2.3. Байланыс телефоны, факс, электрондық пошта	
3. Парниктік газдар шығарындыларын квоталау талаптарына жататын қондырғыға қатысты экономика секторы (атауы мен коды)	
4. Парниктік газдар шығарындыларына сұралатын квоталар көлемі: 4.1. Ұлттық жоспардан _____ тонна 4.2. Ұлттық жоспардың квота көлемі қорының (жаңа және кеңейтілген қондырғылар үшін) _____ тонна 4.3. Барлығы _____ тонна	
5. Парниктік газдар шығарындыларына квотаны алу үшін көзі	
6. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар арналған уақыт кезеңі	20____ жылға
7. Өтінімге келесі құжаттар қоса ұсынылады:	1) есепті жылға парниктік газдарды түгендеу туралы есеп 2) қондырғының паспорты 3) парниктік газдар шығарындыларын қысқарту бағдарламасы 4) парниктік газдар шығарындыларын қысқарту бойынша жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Өтініш беруші мәліметтердің дұрыстығына толық жауапкершілікте болады.

К ә с і п о р ы н н ы ң б а с ш ы с ы

(Т.А.Ә., лауазымы, қолы, мөр орны)